


«Өмір бойы жарқыраған күлкі» стоматологиялық аурулардың алдын алу бағдарламасының білімдік материалдары



Ата-аналар үшін ақпарат

Тіс тазалау күнтізбесінің арғы бетінен сіз ауыз қуысы гигиенасының негіздері жайлы, тіс пен қызылиекке дұрыс күтім жасау қағидаларын отбасының күнделікті өміріне оңай енгізуге көмектесетін тәжірибелік кеңестер секілді ата-аналарға арналған пайдалы мол ақпаратты табасыз.

Тіс Қорғаушысының дипломы



Тіс тазалау күнтізбесін толтырғаннан кейін тіс дәрігері немесе мұғалім бағдарламаға қатысушы балаларды Тіс Қорғаушысы дипломымен салтанатты жағдайда марапаттайды.



«Нағыз Тіс Қорғаушысы бол!» плакаты

Плакат мультфильмде көрсетілген материалды пысықтауға ықпал етіп, тісті тазалаудың дұрыс ережесіне және ауыз қуысына күтім жасаудың маңызды жайларына баса көңіл аударады.



Тіс қорғаушысының тіс тазалау күнтізбесі

Бояулы күнтізбе күнде балаларды қуанышқа бөлейді және тіс тазалау керектігін, сонымен бірге ауыз қуысына күтім жасаудың маңыздылығын еске салып отырады. Қарсы бетінде ата-аналарға арналған ақпараты бар бұл Күнтізбені сабақ соңында балаларға таратып беріңіз.



Саулық сабақтарын өткізу нұсқаулығы

Бұл бағдарлама «жолбасшысы» кез келген қалаған жанға, сіз тіс дәрігері, гигиена маманы, мектеп мұғалімі, балабақша тәрбиешісі немесе жай сүйікті ата-ана боласыз ба, балалар үшін қызықты және пайдалы стоматологиялық саулық сабағын өткізуге көмектеседі.



«Дәрігер Қоян мен Тіс Қорғаушылары» мультипликациялық фильмі

Дәрігер Қоян мен оның әріптесі Дәрігер Күлімқыздың оқиғалары туралы жаңа мультфильм, олар Супербатырлар тобымен — Тіс Қорғаушыларымен бірге тістің зұлым жауы Тісжегімен күреседі. Сіздің тәрбиеленушілеріңіз олардың қызықты оқиғаларын зор ынтамен көретін болады. Ұзақтығы: 15 минут. Бұл мультфильмді сіз www.colgateprofessional.ru сайтынан жүктей аласыз.

БАЛАҒЫЗҒА АУЫЗ ҚУЫСЫНА ДҰРЫС КҮТІМ ЖАСАУҒА ЖӘНЕ ДҰРЫС ТАМАҚТАНУ НЕГІЗДЕРІН ҮЙРЕНУГЕ ҚЫЗЫҚТЫ ҮЛГІДЕ КӨМЕКТЕСІҢІЗ — БАЛАЛАРЫҢЫЗ ҮШІН «МЕНИҢ ЖАРҚЫРАҒАН КҮЛКІМ» ҚОСЫМШАСЫН ЖҮКТЕҢІЗ, ОЛ ТУРАЛЫ ДОСТАРЫҢЫЗ БЕН ТАНЫСТАРЫҢЫЗҒА АЙТЫҢЫЗ!



Вы можете самостоятельно распечатать представленные образовательные материалы на сайте www.colgateprofessional.ru. Для более подробной информации и ознакомления с методикой проведения уроков стоматологического здоровья на другие темы («Функции полости рта», «Здоровое питание — здоровые зубы!», «Бережное отношение к зубам», дидактическая игра «Веселый и грустный зуб») посетите сайт www.colgateprofessional.ru

Ескерту: Тіс тазалау кезінде кранды жабыңыз.



«Өмір бойы жарқыраған күлкі» Халықаралық балалар білім бағдарламасы



Стоматологиялық саулық сабақтарын өткізу нұсқаулығы



Ресей Стоматологиялық Ассоциациясы Colgate компаниясымен бірлесе өткізетін «Өмір бойы жарқыраған күлкі» халықаралық балалар бағдарламасына хош келдіңіздер. Бұл бағдарлама балалардың ерте жастан ауыз қуысына дұрыс күтім жасаудың орнықты дағдыларын дамыту бағытындағы білімдік шаралар кешенін қамтиды. **25 жылдан астам** уақыттан бері аталмыш бағдарлама бүкіл жер жүзінде өткізілуде. Оған 80 елден **900 миллиондай бала** қатысып үлгерді. 2009 жылы «Өмір бойы жарқыраған күлкі» бағдарламасы Қазақстан Стоматологтарының Бірыңғай Ассоциациясының қолдауымен Ресейде де басталған.



«Өмір бойы жарқыраған күлкі» бағдарламасының арқасында тіс дәрігерлеріне, стоматологиялық гигиена мамандарына және мұғалімдерге адамдардың ауыз қуысына дұрыс күтім жасауы жайлы оқу үрдісін ұйымдастыру едәуір жеңілдеді деуге болады. Бұл кешенді бағдарлама 6-10 жастағы балаларға ерекше қызық, ол оқу

жоспарына негізінен сыйымды және стоматологиялық клиника мен оқу орындарының талабына оңай бейімделеді.

- Оқыту әдістемесі стоматология, білім және халықаралық мәдениет саласындағы кеңес беруші сарапшылар халықаралық кеңесінің қолдауымен құрастырылған. Дидактикалық материалдар балалар психологиясын ескере отырып, балалардың ауыз қуысы гигиенасы үшін өздерінің жауапты болуларына түрткі болады.
- Бағдарламаның мультимедиялық бөлімінде мультипликацияның қос кейіпкері — стоматологтар Дәрігер Қоян мен Дәрігер Күлімқыз көрсетілген. Олар ауыз қуысы гигиенасы әлемінде балаларға жолбастаушы болады. Дидактикалық материалдарды оқу жылы барысында қолдану жеңілдігі балалардың оқуға деген ынтасын қолдауға мүмкіндік береді.
- Бағдарлама оқу үрдісі мен балалардың ауыз қуысы гигиенасы дағдыларын дамытуға олардың ата-аналары мен жақындарын тарту идеясын ұсынады.

Стоматологиялық саулық сабағын өткізу әдістемесімен танысыңыз және «Өмір бойы жарқыраған күлкі» бағдарламасының қатысушысы болыңыз!

БАЛАЛАРЫҢЫЗҒА ӨМІР БОЙЫ ЖАРҚЫРАҒАН КҮЛКІ СЫЙЛАҢЫЗ!



СТОМАТОЛОГИЯЛЫҚ САУЛЫҚ САБАҒЫН ӨТКІЗУ ӘДІСТЕМЕСІ

ТАҚЫРЫБЫ: «ТІС ШАҒАРЫНА САЯХАТ»

САБАҚТЫҢ МАҚСАТЫ:

Жаңа сөздермен танысу, ауыз қуысы гигиенасының негізгі ережелерін ойын түрінде үйрену, жақ үлгісінде тісті дұрыс тазалаудың шеберлігі дағдысын жетілдіру, сабақ барысында алған білімдерін үйде қолдануға арналған материалдардың көмегімен бекіту.

САБАҚҚА ДАЙЫНДЫҚ:

- Проектор мен экранды/плазмалы тақтаны жұмысқа дайындаңыз
- Мультфильмді қосып көріңіз
- «Нағыз Тіс Қорғаушысы бол» плакатын сыныпта орнатыңыз
- Жақ үлгісі мен тіс қылсабын дайындаңыз
- Сыныптың немесе балабақша тобының барлық балаларына үйде қолдануға арналған таратпалы материалдарды дайындап қойыңыз

САБАҚ ҚҰРЫЛЫМЫ (40 МИНУТ):

- 1 Балалармен танысу және түсініксіз сөздерді талдау.
- 2 Мультфильм көру.
- 3 Ауыз қуысына күтім жасау ережесі (плакатпен жұмыс).
- 4 Тіс тазалау шеберлігі (жақ үлгісімен жұмыс).
- 5 Үй тапсырмасы және материал тарату.

1. БАЛАЛАРМЕН ТАНЫСУ ЖӘНЕ ТҮСІНІКСІЗ СӨЗДЕРДІ ТАЛДАУ (5 МИНУТ)

ӨЗІҢІЗДІ ТАНЫСТЫРЫҢЫЗ

Сіз стоматолог (стоматологиялық гигиена маманы/ студент) екеніңізді және бүгін саулық сабағын өткізетініңізді айтыңыз.

ЖАЗЫҢЫЗ

Тақтаға балаларға түсініксіз болуы мүмкін сөздерді: стоматолог, тіс өңезі, тісжегі, тіс лентасы, шайғыш, фторид сөздерін жазыңыз.

ТАЛДАҢЫЗ

Балалармен түсініксіз сөздердің мағынасын талдаңыз.

Балаларды мультфильм көруге ДАЙЫНДАҢЫЗ:

Оқиға ұл баланың бөлмесінен басталатынын айтыңыз, ол оянады, есінейді және сол кезде Тіс Қорғаушылары мекендейтін жарқылдаған Тіс шағары ашылады.

2. МУЛЬТФИЛЬМ КӨРУ (15 МИНУТ)



3. АУЫЗ ҚҰЫСЫНА КҮТІМ ЖАСАУ ЕРЕЖЕСІ (ПЛАКАТПЕН ЖҰМЫС, 5 МИНУТ)

Балалар мазмұнын түсінді ме, **ТЕКСЕРІҢІЗ.**

Ұсынылатын сауалдар:

- Мультфильмдегі басты кейіпкерлер кім? Ұнаған супербатырлардың есімдері мен суперқаруларын атаңдар.
- Тісжегі мен оның тісжегі құбыжықтары не бүлдірді?
- Өңез тісімізге қандай зиян келтіреді?

Мультфильмді көру барысында алған білімдерін «Нағыз Тіс Қорғаушысы бол» білімдік плакатының көмегімен **БЕКІТІҢІЗ:**

- Плакаттағы ережелерді бір-бірден дауыстап оқу үшін бірнеше балаларды кезекпен шақырыңыз;
- Бүкіл сынып болып ауыз қуысы гигиенасы негіздерін қайталаңыздар:



Тісінді күніне 2 рет фторидті тіс пастасымен тазала: таңғы астан кейін және ұйықтар алдында



Күнделікті тіс лентасын қолдан



Тіс тазалаған сайын ауыз қуысына арналған фториді бар шайғышты қолдан



Тәттімен және қытырлақтармен тым жиі әуестенбе



Тіс дәрігеріне жылына 2 рет тұрақты қаралып жүр

4. ТІС ТАЗАЛАУ ШЕБЕРЛІГІ (ЖАҚ ҮЛГІСІМЕН ЖҰМЫС, 10 МИНУТ)

СҰРАҢЫЗ

Балалардан «Сендер нағыз Тіс Қорғаушысы болып, Супербатырлар тобына қосылуды қалайсыңдар ма?» деп сұраңыз, талқылаудан соң: «Онда біздерге Жарқыраған Күлкінің Суперкүшіне ие болып, тісті дұрыс тазалауды үйренуіміз керек. Бұл жерде бізге жақ үлгісі көмектеседі», — деп айтыңыз.

КӨРСЕТІҢІЗ


Балаларға плакаттағы тіс тазалау кезеңдерін түсіндіріңіз және оны жақ үлгісі мен тіс қылсабының көмегімен көрсетіңіз.

ШАҚЫРЫҢЫЗ

Бірнеше оқушының кезекпен тақтаға шығып, бәрін ретімен қайталауын өтініңіз.


1. СЫРТЫНАН

Әрбір тісті сыпырғандай қимылмен қызылиек сызығынан тістің шетіне дейін тазала




2. ІШІНЕН

Әр тістің ішкі бетін сыпырғандай қимылмен қызылиек сызығынан тістің шетіне дейін тазала



3. ШАЙНАЙТЫН БЕТІ

Әр тістің шайнайтын бетін әрі-бері қимылмен тазала




4. АЛДЫҢҒЫ ТІСТЕРДІҢ ІШКІ БЕТІ

Сыпырғандай қимылмен үстіңгі және астыңғы алдыңғы тістерді қылсаптың ұшымен ішкі жағынан тазала



5. ТІЛ

Ауыздан шығатын жағымсыз иісті тудыратын бактерияларды жою үшін тілді тазалауды да ұмытпа



5. ҮЙ ТАПСЫРМАСЫ МЕН БАЛАЛАР МАТЕРИАЛЫН ТАРАТУ (5 МИНУТ)

БАЛАЛАРҒА ХАБАРЛАҢЫЗ

Нағыз Тіс Қорғаушысы болу үшін көп жаттығу керектігін, сондықтан бүгіннен бастап өздерінің әрбір Суперкүш жаттығуларын арнайы Тіс Қорғаушысының тіс тазалау күнтізбесінде белгілеу керектігін балаларға хабарлаңыз.

ҰСЫНЫҢЫЗ

Балаларға ата-аналарымен бірге күнтізбені көрінетін жерге іліп және оған әрбір таң мен кешке тіс тазалаған кезде оған белгі қоюды ұсыныңыз.

БАЛАЛАРҒА КӨМЕКТЕСІҢІЗ

Балаларға күнтізбенің жоғары жағына өз аттарын жазуға көмектесіңіз.

ХАБАРЛАҢЫЗ

Нағыз Тіс Қорғаушысының дипломын алу үшін балаларға бір айдан соң сыныпқа толтырылған күнтізбені алып келу қажеттігін хабарлаңыз.

ТАРАТЫҢЫЗ

Үйде қолдануға арналған материалдарды балаларға таратыңыз.

САБАҚТЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАЙ КЕЛЕ,

Балалардан сабақтың ұнағанын сұраңыз және оларға жаттығуда табыс пен Тіс Қорғаушылары тобына жылдам кірулерін тілеңіз!